Таңғы ас	Тамақты ұқыпты, асықпай жеуге, нанды қадірлей білуге үйрету. Тамақтан соң алғыс айта білулерін қадағалау.				
Ойындар . Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылды ойын «Түсі қандай?» Мақсаты: Балаларға заттарды түсіне қарай ажырата білуге үйрету.	Қимылды ойын: «Қандай пішін» Мақсаты: Пішіндерді ажыратып,таба білуге үйрету.	Қимылды ойын: «Кім заттарды көбірек жинайды» Мақсаты: Балаларды шапшандыққа үйрету.	Қимылдық ойын: «Көлеңке» Мақсаты: Шеңбер жасап отырып,шапшандыққа ,ептілікке баулу.	Дидактикалық ойын: «Тура және кері сана» Мақсаты: Өздері білетін сандарды тура және кері санай білуге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістермен бірге)	1.Сурет салу Тақырыбы: «Мұз айдынындағы іздер» Мақсаты:бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру; ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру, қылқаламды дұрыс ұстай отырып, берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар сызу арқылы көрсетуге үйрету, табиғаттың әсемдігін түсіне білуге тәрбиелеу 2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру. Доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» (өлең) Мақсаты: Өлең жолдарына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: қалтырайды, ағарады, қар, қыс, үлбіреген, аққала сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта» 2. Дене шынықтыру Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру. 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өту. Қимылды ойын: «Жалаушаға дейін жет»	1.Сенсорика Тақырыбы: «Көжекті жасыр» Мақсаты: түстері бойынша нысандарды топтастыру дағдысын үйрету; төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету, қызыл, сары, көк, жасыл түстермен танысуды жалғастыру, зейінділікті, қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу 2.Музыка Тақырыбы: «Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Ән айту: «Ай-ай қысым-ай»	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Аязды қыс» Мақсаты: а) Балалардың санасында жылдың осы маусымына тән құбылыстар (аяз) туралы түсінік қалыптастыру. ә) Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. б) Өзара байланыс пен қарым-қатынастың қарапайым тәсілдеріне баулу. 2.Музыка Тақырыбы: «Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру	1.Дене шынықтыру Орнынан ұзындыққа секіру.(20-25 см) Бір және екі қолымен допты еденге ұру. Қимылды ойын: «Көпірден өт»

			А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимылды ойын:«Шөжелерім» Азербайжан халық әні	Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимылды ойын:«Шөжелерім» Азербайжан халық әні	
Серуенге дайындық	Киімдерін мұқият киінулерін ескерту , киім шкафтарын жинақтай білуді , түймелерін салуды үйрету.				
Серуен	1.Бақылау.«Қырау басқан ағаштарды бақылау» Мақсаты: ағаштардың қыс мезгіліндегі өзгерісі туралы түсініктерін орнату, ағаштардың тамырын суықтан қорғау үшін жасалатын шаралармен таныстыру; 2.Еңбек: 3.Қ/О: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. 4.Жеке жұмыс: қырау, қырау түсті сөздерімен сөздік жұмыс 5.Еркін ойын: Еркін ойында қар лақтыру, қар бетіне іздерін түсіру.				
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу барысында қатармен ішке кіруді ескерту.Әр бала өз шкафын суреті бойынша тауып, киімдерін шешіп бүктеу керек екендігін қайталау.				
Түскі ас.	Тамақ ішер алдында жуынуларын қадағалау. Қасықты дұрыс пайдалана білулерін бақылау жасау				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	«Балапаным» әуенімен ұйықтату.	«Қошақаным» әуенімен ұйықтату.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп ояту, Ауа, су, ем шаралары	Ұйқыдан ояну жаттығуларын жасау. Керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру.				
Бесін ас	Бесінгі ас барысында үстелде дұрыс отыруларын ескерту. Тамақты тауысып жеулерін қарау.				
Ойындар дербес әрекет	Қимылды ойын: «Шеңберге таста» Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалысын жетілдіру, шапшаңдыққа үйрету ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Үстел үсті ойыны: «Танып ал да, атыната» Көп ойыншықтардың ішінен біреуін тандап алып, атын, түсін, жұмсақ па әлде қатты ма ажырата айта білуі.	«Дидактикалық ойындар» Тақырыбы: «Сипатына қарай шешуін тап» Мақсаты: Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу	«Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз ойынын ойнау арқылы бір бірімен тілдік қарым қатынас жасауға үйрену.	Д/О: «Ғажайып дорба» Мақсаты: Балалардың қызығушылығын оята отырып, заттарды сипаттап айтуға үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Кәусарға қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін нығайту.	Толғанаидың құрбыларымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу	Ерасылдан қыста ойын түрлерін сұрау.	Әділеттен қыстың айларын сұрау.	Райымбектен қыс жұмысын сұрау.
Серуенге дайындық	Серуенге шығар алдында мұқият киіне білулерін ескерту, жекелеген балаларға көмек көрсету				
Серуендеу.	Қыстаған құстарға,хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафын салуды қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы	Кеңес беруАта-аналармен күнделікті бақшадағы тәртібі жөнінде әңгімелесу,кеңестер беру.	«Денсаулық» Тұмаудан сақтанайық»	«Асық ойыны»Асық ойынының маңыздылығы.	«Санамақтар»Үйден санамақ жаттау қадағалау	«Құттықтау»«Туған күніңмен,балақай» Қаңтар айында дүниеге келген балаларды құттықтау.

Тексеру күні _____ 2021ж

Бекітемін _____ Уразалина С.Б

Қаңтар айының IV- апта 25– 29 аралығындағы №3 кіші «Бәйтерек» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Тәрбиеші: Серікжанова Нұрай

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 25.01.2021ж.	Сейсенбі: 26.01.2021ж.	Сәрсенбі: 27.01.2021ж	Бейсенбі: 28.01.2021ж.	Жұма: 29.01.2021ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс..				
Ойындар(үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)	Дидактикалық ойын: «Ғажайып себет» «Бұл қандай түсті өсімдік?» Мақсаты:балаларды тапқырлыққа,байқампаздыққа баулу.	Тілдік жаттығу: Ер-ер-ер-дөңгелек жер У-у-у -мөлдір су Ар-ар-ар -ақша қар Ұз-ұз-ұз көкше мұз Уа-уа-уа таза ауа	Жылулық шеңбері: Көленке,таза ауа үшін Жеміс-жидек, көкөністер үшін Әдемі шөптержәне гүлдер үшін Өсімдік атаулы саған рахмет! Жапырақтарды жұлмаймыз Бұталарды сындырмаймыз Біз сіздерді қорғаймыз.	Саусақ ойыны: «Гүл» /қимылмен көрсету/ Міне, гүлдің бүршіктері Ашылады, әдемі.	Саусақ ойыны: «Саңырауқұлақ» Шынашағым орманға бар Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап! Ортан терек, тазалап ал! Балаң үйрек, қуыра сал! Бас бармағым, барлығын жеп Өсіп қапсың толып
Таңертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №10				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Үстел үстінде дұрыс отыруын, құрал жабдықтарды дұрыс пайдалана білуін қадағалау, тәрбиеші көмекші апайлардың еңбегіне алғыс айту				
Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Тілдік жаттығу: Ер-ер-ер дөңгелек жер У-у-у мөлдір су Ар-ар-ар ақша қар Ұз -ұз-ұз көкше мұз Уа -уа-уа таза ауа	Қимылды ойын: «Биік -аласа» Мақсаты: Қимылмен көрсету.топтсып қимыл қозғалысын жасау, (Ағаш биік, шөп аласа,пальма биік, кактус аласа.)	Дидактикалық ойын: «Тура және кері сана» Мақсаты: Өздері білетін сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.	Қимылды ойын: «Күн мен жаныр» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа ,епетілікке үйрету	Қимылды ойын: «Енесі мен төлдері» Мақсаты: Үй жануарлары жайлы балалардың білімін толықтыру.Оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістермен бірге)	1.Сурет салу Тақырыбы: «Маймақ аю маң-маң басады» Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастырады; аюдың ізін қылқаламмен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту, қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см,	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мысық» Мақсаты: Үй жануарлары жайында әңгімелесу арқылы балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрату арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін ояту 2. Дене шынықтыру Белгі бойынша шашырап жүгіру. Арқанның астымен еңбектеу. Қимылды ойын: «Аққалаға дейін еңбекте»	1.Құрастыру Тақырыбы: «Автобус» Мақсаты: құрастыру барысында үлкендердің көмегімен тапсырмаларды орындау, автобус құрастыруда құрылыс материалдарының көлемін, пішінін ажырата алу; өздері жасаған құрылыстарымен ойын ойнауға, педагогтің қойған сұрақтарына жауап беруге және тыңдай білуге тәрбиелеу; ұқыптылыққа тәрбиелеу 2.Музыка Тақырыбы: «Қыс» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру.	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Мұз» Мақсаты: Мұздың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Тәжірибе жасау барысында балалардың танып білуге деген құштарлықтарын дамыту. Жансыз табиғаттағы құбылыстарға деген қызығушылығын арттыру. 2.Жапсыру Тақырыбы: «Жайлаудағы қошақандар» Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыру, қойлардың суретін «Жайлауға» орналастыруды үйрету. Дидактикалық ойын: «Түстерін ата»	1.Дене шынықтыру Тұзу бағытта заттарды аттап өту. Допты жоғары лақтыру. Спорттық іс-шара: «Шынықсаң шымыр боласың!»

	бір басы 15 см көтерілгенде). Допты екі қолмен төменнен лақтыру. Қимылды ойын: «Қарды домалат»		Қимылдық ойын арқылы ән айту Ән тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Аққаланы құрастыр».		
Серуенге дайындық	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, оны дұрыстай білулерін қадағалау.				
Серуен	1.Тұманды бақылау Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атату.Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату.Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. 2 Қойын: : «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйрету.Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. 3.Еңбек: Балалармен ауладағы шашылған жапырақтарды жинау. 4.Жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. 5.Еркін ойын: ойын барысында бірігіп ойнауларын қадағалау.				
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу.				
Түскі ас.	Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Қай уақыттың асы екенін айтқызу.				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.	«Әлди-әлди»әуенімен ұйықтату.	«Әжем» әуенімен ұйықтату.	«Балапаным» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп ояту, Ауа, су, ем шаралары	Ұйқыдан ояну жаттығуларын жасау. Керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты жеулерін қарау.Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Ойындар дербес әрекет	Ойын: «Гүлдер дүкені» Әр түрлі гүлдің картиналарына қарап әңгіме жүргізу. Мақсаты: Сөздік қорларын молайту,тапқырлыққа баулу.	«Ертегілер әлемінде» «Айлакер түлкі»ертегісі (Атрибут арқылы ертегіні сахналау) Атрибут арқылы баланың ой- өрісін дамыту.Сөздік қорын молайту,әртістік қабілеттерін дамыта отырып,ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.	Дид ойын: «Қандай өсімдік?» Мақсаты:өсімдіктерді атай білуді үйрету.	Ойын: «Кім тапқыр?»Берілген суреттен өсімдіктерді табу. Мақсаты:шапшаңдыққа,тапқы рлыққа баулу.	Ойын: «Биік және аласа» Әр түрлі бөлме гүлдерін бірге қойып,айырмашылықтарын атау. Мақсаты:балаларды талғампаздыққа баулу,сөздік қорларын молайту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Саидаға бөлме өсімдіктерін суаруды үйрету.	Инабатпен өсімдіктер суретімен әңгіме жүргізу.	Айлинге еркін тақырыпта сурет салғызу.	Дамирге «Гүлдер» өлеңін жаттату.	Даниялға өсімдіктер туралы әңгіме жүргізу.
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуендеу.	Еркін ойын түрлерін ұйымдастыру				
Балалардың үйге қайтуы	Сурет салу ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бойынша	Кеңес Дәрумендер пайдасы мейірбике кеңесі.	Құрылыс материалдармен ойнау Материалдармен құрастыруды үйрету	Әңгімелесу «Дұрыс тамақтанудың маңызы»	Сурет салу «Бала жұмысынан көрме»

Тексеру күні _____ 2021ж

Бекітемін _____ Уразалина С.Б

Ақпан айының І- апта 1– 5 аралығындағы №3 кіші «Бәйтерек» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: **«Бізді қоршаған әлем»**

Тәрбиеші: Серікжанова Нұрай

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 01.02.2021ж.	Сейсенбі: 02.02.2021ж	Сәрсенбі: 03.02.2021ж.	Бейсенбі: 04.02.2021ж.	Жұма: 05.02.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: өлі және тірі табиғат туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)	Жұмбақ: Бір нәрсе жермен көктің арасында Көрмейді өзі түгіл қарасыда Білінбей жер бетінде жүрсе дағы Пайдалы адамзаттың баласына (ауа) Мақсаты: жұмбақ шешуге қызығушылығын арттыру.	Тақпақ оқу: Табиғат ол- анамыз Табиғатқа баламыз Құшағында ойнаймыз Шаттық әнге саламыз Мақсаты:өлең жолдарын жаттап алу.	Ғажайып сандық ойыны: Жыл мезгілдерін атап айту. Мақсаты:балаларды тапқырлыққа баулу	«Қыс қызығы» Ойын: «Жапалақтап қар жауып тұр». Мақсаты: Кез келген жағдайларда қатты немесе ақырын қимылды қолдана білуді дамыту.	Үстел үсті ойын: Тіл ұстарту жаттығу: Ер-ер-ер -дөңгелек жер У-у-у - мөлдір су Уа-уа-уа- таза ауа
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №11				
Таңғы ас	Тамақты ұқыпты, асықпай жеуге, нанды қадірлей білуге үйрету. Тамақтан соң алғыс айта білулерін қадағалау.				
Ойындар . Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылды ойын: «Алақанды жасыр» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа ,ептілікке тәрбиелеу.	Қимылды ойын: «Жер,су,ауа ойыны» Мақсаты:балаларды қимылмен бірлесе ойнауға тәрбиелеу.	Қимылды ойын: «Сиқырлы қапшық» Мақсаты: Ойын арқылы баланың сипап сезу,ой -өрісін	Қимылдық ойын: «Достық көпір» Мақсаты: Балалар достықтың,ауызбірліктің не екеніні түсінеді.	Дидактикалық ойын: «Қай мезгіл жоқ» Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы білімін бекіту.
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістермен бірге)	1.Сурет салу Тақырыбы: «Мәшиненің дөңгелектері» Мақсаты: қолжетімді материалдармен және қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. мәшиненің дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту, ойыншықтарды күтіп ұстауға, мұқият ойнауға	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Поезд» (өлеңі) Мақсаты: Өлеңді мұқият тыңдауға, мазмұнын түсінуге үйрету, балалардың поезд дыбысына еліктеп у- дыбысын созып, қимыл әрекеттерін жасап, айтуға үйрету. Қимылды ойын: «Поезд» 2. Дене шынықтыру Орнынан ұзындыққа секіру (25-30 см) Шеңберден шеңберге аттау. Қимылды ойын: «Қоянша секір»	1.Сенсорика Тақырыбы: «Сақинаны ал» Мақсаты: заттарды түсі бойынша таңдай алуға үйрету; балаларда заттық-жабдықтық әрекетті қалыптастыру: таяқтың көмегімен түрлі түсті заттарды өзіне қарай жылжыту. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. 2.Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Сусыз тіршілік жоқ» Мақсаты: Судың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеу жұмыстарының қарапайым тәсілдерін үйрету. Жансыз табиғаттағы құбылыстарға деген қызығушылығын арттыру. 2.Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау.Әуенге әсерлену. Өнді	1.Дене шынықтыру Қарлы төмпешікке өрмелеу. (ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу) Қимылды ойын: «Мені қуып жет»

	тәрбиелеу. 2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Бөренелерден аттап жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Ғажайып кедергі» ойыны»		сыйлау.Әуенге әсерлену. Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б.Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз»	жеке және топпен айтуға машықтандыру. Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б. Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз»	
Серуенге дайындық	Киімдерін мұқият киінулерін ескерту, киім шкафтарын жинақтай білуді, түймелерін салуды үйрету.				
Серуен	1.Жаңа түскен қарды бақылау.Мақсаты:Қыс туралы түсініктерін қалыптастыруҚысқы әсем табиғатқа серуен барысында эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Қазір қандай жыл мезгілі? (қыс) Неге? (Өйткені айнала аппақ қар әрі күн суық) Қардың түсі қандай? (Аппақ) Қар жауған кезде ауа ирайы жылы болды ма? (егер қар жауған кезде ауа райы өзгерсе,онда қардың пішіні де өзгереді) 2.Еңбек :Ауладағы қарды тазалау. Мақсаты:Күрекпен қолдана алуды әрі қарай жалғастыру. 3.Қимыл ойыны: «Қар атысу» Мақсаты: Көздеп ату қабілеттерін арттыру. Шығарылатын материалдар:Күрекшелер,сыпырғыштар. 4.Жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. 5.Еркін ойын:Бірігіп ойнауға дағдыландыру.				
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу барысында қатармен ішке кіруді ескерту.Әр бала өз шкафын суреті бойынша тауып, киімдерін шешіп бүктеу керек екендігін қайталау.				
Түскі ас.	Тамақ ішер алдында жуынуларын қадағалау. Қасықты дұрыс пайдалана білулерін бақылау жасау				
Ұйқы	Жәй әуенмен ұйықтату.	«Бесік жыры»әуенімен ұйқтату.	Релаксация әуенімен ұйықтату.	«Әжем» әнімен ұйықтату	«Балапаным»әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп ояту, Ауа, су, ем шаралары	Ұйқыдан ояну жаттығуларын жасау. Керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру. Массажды кілемшемен жүргізу.				
Бесін ас	Бесінгі ас барысында үстелде дұрыс отыруларын ескерту. Қай мезгілдің тамағы екенін сұрау.				
Ойындар дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі» Сурет бойынша жыл мезгілдерін атап,көрсету.	«Ертегілер әлемінде» Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» ертегісі. Ертегі суреттері арқылы мазмұнымен таныстыру.	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Аула сыпырушы» Мақсаты: тазалыққа баулу.	Д/ойын. «Өлі және тірі табиғат» М/ы:Тез ойлау қабілетін,зейінің тәрбиелеу,белсенділігін арттыру.	Құрастыру ойыны: «Жануарлар» М/ы:жануарлар жиынтығын,конструкторды өз бетінше ойлауын дамыту,
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Айлинге табиғат құбылыстары жөнінде әңгімелеу. Мақсаты:сөздік қорларын молайту.	Айеркеге д/ойын: «Күн қайда жасырынды?» Мақсаты:көріп таба білу қабілеттерін дамыту,дыбыстарды анық айтуға үйрету.	Дианаға дұрыс сөйлеуін қадағалау Исмайл,Раяна Мақсаты: сөйлеу қабілеттерін дамыту.	Абулхайырға қысқы ойындар туралы әңгіме жүргізу.	Даниялға пішіндерді бояту. Мақсаты:түстерді ажыратуға жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Серуенге шығар алдында мұқият киіне білулерін ескерту, жекелеген балаларға көмек көрсету				
Серуендеу.	Табиғатты сүюге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.				
Балалардың үйге қайтуы	«Отбасы» «Менің сүйікті бұлдіршінім» Ата-аналарға бала бойындағы қасиеттері туралы пікірлер алмасу.	Кеңес беру. Ата-анаға үйде бірлесе отырып түрлі-түсті қарындаштармен сурет салғызу.	«Балабақша» Балалар жұмысынан көрме. Апликация ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша.	.Кеңес беру. Қысқы серуеннің маңыздылығы	«Денсаулық» «Таңғы жаттығудың маңызы» Таңғы жаттығуға кешікпеулерін қадағалау .

Тексеру күні: ____ 2021 ж

Бекітемін: Уразалина.С.Б

Ақпан айының ІІ апта 8-12аралығындағы №3 кіші «Бәйтерек» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «**Бізді қоршаған әлем**»

Тәрбиеші: Серікжанова Нұрай

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.02.21ж	Сейсенбі 09.02.21ж	Сәрсенбі 10.02.21ж.	Бейсенбі 11.02.21ж.	Жұма 12.02.21ж.
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиешінің балалармен қарым- қатынасы. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу, жағымды жағдай орнатуға арналған ойындар.				
Ойындар (үстел- үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)	Дидактикалық ойын: «Суреттерді орналастыр» Мақсаты:балаларды шыдамдылыққа,талғампаздыққа баулу.	Дидактикалық ойын: «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: балаларды тапқырлыққа,шапшандыққа баулу.	Үстел үсті : Қысқыштармен ойналатын ойын. Мақсаты:балалардың қол моторикасын дамыту.	Қимылды ойын: «Кім жоқ?» Мақсаты:балаларды тапқырлыққа баулу.	Сергіту сәті: Қорбандар аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп,теріп алайық, Қалтамызға салайық!
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу№11				
Таңғы ас	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу				
Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	1.Балалардан техника туралы сұрау.Атын атап үйрету. Мақсаты:Балалар қандай техника екенін айырады	2.Дидактикалық ойын: «Дұрыс ата» Мақсаты: Балаларды ойын жеткізе білуге үйрету.	Қимылды ойын: «Кім жоқ» Мақсаты: Балаларды айыра,тани білуге дағдыландыру.	Қимылдық ойын: «Достық көпір» Мақсаты: Балалар достықтың ауызбірліктің не екенін түсінеді.	Дидактикалық ойын: « Қандай көлік» Мақсаты: Көліктер жайлы мағлұмат беру.Не үшін қажет екенін айтқыза білу.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері.	1.Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті моншақтар» Мақсаты:бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, саусақ немесе бастырма арқылы моншақтың суретін салуға үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, әсемдікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу 2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Қимылды ойын: «Торғайлар	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Аялайық гүлдерді Мақсаты: Балаларды бөлме гүлдерімен таныстыру кезінде сұрақ-жауап әдістерін қолданып, пассивті және белсенді сөздік қорларын кеңейту. Топтағы табиғат бұрышындағы гүлдердің атауларын үйрету. Өсімдіктерді баптауға, қамқор бола білуге тәрбиелеу. » 2. Дене шынықтыру Жол бойымен еңбектеу. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру. Қимылды ойын: «Паровоз» 2. Дене шынықтыру Жол бойымен еңбектеу. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру.	1.Құрастыру Тақырыбы: «Пойыз» Мақсаты: құрылыс материалдарының бөлшектерін: кірпіш, пластина т.б. ажырата алу, өздері жасаған құрылыстарымен ойын ойнау. құрылыс мазмұнына сәйкес ойыншықтарды пайдалану, пойызды құрастыра білуге үйрету; -сұрақтарға жауап беру арқылы сөйлеу тілін дамыту; 2.Музыка Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Поезд келеді» (Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Асыл ана»	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Сабынды қолғап» Мақсаты: Судың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Тануға деген қабілеті мен белсенділігін дамыту. Жансызтабиғаттағықұбылыстарғадегенқызығушылығын арттыру 2. Мүсіндеу Тақырыбы: «Сәуле саңырауқұлақ жинауда» Мақсаты: сазбалшықтың құрамымен таныстыру. әртүрлі пішіндерді біріктіру арқылы саңырауқұлақтарды мүсіндеу, сазбалшықты домалақтап және сопақшалап илеуді үйрету, алақан арасына дөңгелекті	1.Дене шынықтыру Гимнастикалық орындық үстінде бір орында баяу айналу. Секіртпеден секіру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»

	мен машина».	Қимылды ойын: «Паровоз»	А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл:	салып тегістеу, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.	
Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, сырмаларын, түймелерін қадау, бауларын салып қадағалау				
Серуен	1.Аула сыпырушының қысқы еңбегін бақылау. Мақсаты:Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту.Олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу 2.Еңбек әрекеті:Ауланы қардан тазалау. Мақсаты:Аула сыпырушыға тратуарды қардан тазалауға көмектесу. 3.Жеке жұмыс:аула сыпырушының құралдарын қалай атаймыз? 4Ойын:«Аю апанында» Мақсаты:Бірін бірі итермей жүгіре алуға жаттықтыру. 5.Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» 6Еркін ойындар				
Серуеннен оралу.	Өз бетімен шешіну, киімдерін реттеп жинау, беті-қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты ұқыпты ішу, майлықты дұрыс қолдану, ас қайтару,алғыс айту.				
Ұйқы	Баяу әуенмен ұйықтату.	Жай әуенмен ұйқтату.	«Әжем» әуенімен ұйқтату.	«Балапаным»әуенімен ұйқтату.	«Тәй-тәй»әуенімен ұйқтату.
Біртіндеп тұру, ауа,су шаралары,	Ұйқыдан ояту Төсектерінде жатып аяқтарын көтеріп, қолдарын созып, керілу арқылы сергектендіру. Киімі мен аяқ киімдерін киюді, тәрбиешінің көмегімен өзін тәртіпке келтіре білуге үйрету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу				
Ойындар дербес әрекет.	Фотосуреттер қарастыру «Ас үй техникалары» Фотасуретте бейнеленген ас үйде қолданатын техникаларды атап беру Мақсаты:тапқырлыққа баулу.	Ертегілер әлемінде Тақырыбы: «Түлкі, түлкі, түлкішек» ертегісі Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлу,фланелеграф арқылы қызығушылықтарын,ой белсенділігін арттыру.	«Түсін тап» дидактикалық ойыны. Балаларға әр түрлі түстегі көліктерді көрсетеді. Балалар әр түстің жанында машинаны түстеріне қарай топтастырады. Мақсаты.түстерді тануға,топтастыруға баулу.	«Тәулік бөліктері» Мақсаты:Тәуліктің қай бөлігі бейнеленгенін айтқызу,сол сурет бойынша әңгіме айтқызу.	Жұмбақ Көшеде жүреді кішкене үйлер Сол үйлерді жүргізушілер жүргізеді /машина/ Көздерін ашып-жұмып тұрады Жол тәртібін реттеп тұрады. /машина/
Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Сәтжанға с үй техникаларының түстерін сұрау. Мақсаты:түстерді тануға баулу.	Дианаға ертегі кейіпкерлерін атату. Мақсаты.баланың есте сақтау қабілетін дамыту.	Амирге тәулік бөліктерін суретке қарап сұрау. Мақсаты:Суретпен жұмыс жасауға қызығушылығын арттыру.	Еркеназдан ойыншықтардың неден жасалғанын сұрау. Мақсаты:баланы әр түрлі заттардың материалдарын тануға баулу	Айсезімнен «Бауырсақ» ертегісі кейіпкерлерін сұрау. Мақсаты:Баланың ертегі кейіпкерлеріне деген қызығушылығын арттыру.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін қадағалау,шапшаң қимылдауға үйрету.				
Серуен	Қойын: ««Мені қуып жетіндер» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға баулу				
Серуеннен оралу	Киімдерін рет -ретімен жинап сөрелеріне салу.				
Балалардың үйге қайтуы	«Саусақ гимнастикасының маңызы» Саусақтармен әр түрлі ойындар ойнауға болатынын туралы пікір алмасу.	«Көңес» «Менің отбасымен демалысым» «Денсаулық»	«Көңес» «Балабақшадағы баланың киімі»	«Өлеңдер» «Қыс » мезгілінің тақпақтар беру. Тақпақтарын қадағалау.	«Сурет салу» Отбасында балалардың еркін суреттер салуы туралы пікір алмасу.

Тексеру күні: ____ 2021ж

Бекітемін: Уразалина.С.Б

Ақпан айының III апта 15– 19 аралығындағы №3кіші «Бәйтерек» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «**Бізді қоршаған әлем**»

Тәрбиеші: Серікжанова Нұрай

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.02.21ж	Сейсенбі 16.02.21ж	Сәрсенбі 17.02.21ж.	Бейсенбі 18.02.21ж.	Жұма 19.02.21ж.
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Балаларды жақсы көңіл күймен қабылдау.Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)	«Машина» өлеңі Бип-бип-бип, -дейді, Жолдан былай кет,-дейді Күштігі басуға, басуға, Болмайды,болмайды,машина , Бип-бип-бип Мақсаты: көлік туралы түсініктерін кеңейту.	Жылулық шеңбері Ж Смақовтың «Пойыз» әні Қане кімнің бойы ұзын Паравозы ол пойыздың Қатар-қатар тұрайық Пойызды біз құрайық. Мақсаты:балаларды татулыққа шақыру	Ә,Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңі Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға, Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін жасқанба. Мақсаты:бағдаршам көздерімен таныстыру.	Дидактикалық ойын: «Қандай көлік?» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту	Жұмбақ Суда сайраңдайды, Құрғақта қайраңдайды. /қайық/
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу№12				
Таңғы ас	Балаларға ас ішкенде майлықты пайдалануға үйрету.Асты тауысып ішуге, дастарханда дұрыс отыруға дағдыландыру.				
Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	1.Дидактикалық ойын: «Дұрыс ата» Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балалардың қабілетін дамыту,шапшаңдыққа ептілікке баулу.	Қимылдық ойын: «Өз түсінді тап» Мақсаты: Балаларды достық түстерді ажырата білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қандай көлік» Мақсаты: Көліктер жайлы мағұлмат бер,олардың адамдарға не үшін қажет екенін айтқызу.	Дидактикалық ойын: «Қандай пішін» Мақсаты: Балалар сөйлем арқылы пішіндерді сипаттау.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері.	1.Сурет салу Тақырыбы: «Үйдің терезесіндегі жарық» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. 2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе- теңдікті сақтап жүру. Ойын-жаттығу: «Көреміз, қайталаймыз» (Экраннан	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі мультфильмін көрсету) Мақсаты: Балаларды мейрімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптандыруды жалғастыру. Лото ойыны: «Топтастыр» 2. Дене шынықтыру Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе- теңдікті сақтап жүру. Музыкалық жаттығу: «Кірпілер билейді»	1.Сенсорика Тақырыбы:Тауық және оның балапандары Мақсаты:түстің әртүрлі заттардың белгісі бола алатындығына назарларын аударуға үйрету. түс заттардың сипатын білдіру үшін қолданылуы мүмкін екіндігіне балалардың назарын аудару. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиеле 2.Музыка Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемі» Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, оларға тән ерекшеліктерді тани білуге қалыптастыру. Ән тыңдау: «Фиксики»	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Қар кесектері» Мақсаты:Қардың кей кезде бір- біріне жабысатын қасиеті бар екенін, одан қар кесектерін жасауға болатынын түсіндіру. Балалардың ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін, қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. Табиғаттыаялайбілугеүйрету. 2.Музыка Тақырыбы:«Ғажайыптар әлемі» Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, оларға тән ерекшеліктерді тани білуге қалыптастыру. Ән тыңдау: «Фиксики» (мультфильм әуені) Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым	1.Дене шынықтыру Шеңберден шеңберге аттау. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Қимылды ойын: «Көлшіктен аттап өт»

	көрсету және оны қайталау)		(мультфильм әуені) Ән айту: «Асыл ана»	Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан)	
Серуенге дайындық	Өз сөрелерін танып,киімдерін киуге,сырмаларын, түймелерін қадауға үйрету.				
Серуен	1.Көліктерді бақылау Мақсаты: — көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу, үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. 2.Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты:еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу. 3.Жеке жұмыс: «Қайық» көлігі Суда жүзген қайықпен Жүзіп жүрген бала көп, Оңға,солға бұрылып, Жүзеді екен қайық кеп. 4.Қимылды ойын «Жүргізушілер және жаяулар». Мақсаты: Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу 5.Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту. 6.Еркін ойындар.				
Серуеннен оралу.	Өз бетімен шешіну, киімдерін реттеп жинау, беті-қолдарын сабындап жуу				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты ұқыпты ішу, майлықты дұрыс қолдану, алғыс айту,дастарқанға бата айтқызу.				
Ұйқы	Баяу әуенімен ұйықтату	«Бесік жыры» әуенімен ұйқтату.	«Әлди-әлди»әуенімен ұйқтату.	Жай әуенмен ұйқтату.	«Балапаным»әуенімен ұйқтату.
Біртіндеп тұру, ауа,су шаралары	Ұйқыдан ояту Төсектерінде жатып аяқтарын көтеріп, қолдарын созып, керілу арқылы сергектендіру. Киімі мен аяқ киімдерін киюді, тәрбиешінің көмегімен өзін тәртіпке келтіре білуге үйрету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу				
Ойындар дербес әрекет.	1 «Көліктер» ойыншығын сипаттап әңгімелеу. Мақсаты:Балалардың тілдерін дамыту. 2.Сюжеттюжетті рөлдік ойын:«Гараж жасау» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойын..	«Ертегілер әлемінде» Тақырыбы: «Қу түлкі мен қорқақ қоян» Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге	1.Су көліктері туралы әңгіме жүргізу:«Кеме» Мақсаты:Балалардың ой-қиялдарын дамыту. 2.«Көлікті кім жүргізеді?» Ойынның мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1. Көшеде жүрген кезде жол қауіпсіздік ережесінің сақталуын айтып түсіндіру. Мақсаты: бағдаршаммен таныстыру. 2 «Адамдарды немен тасымалдайды»	1.«Не артық?» ойыны. Мақсаты: тапқырлыққа баулу. 2.«Көліктерді тап» Мақсаты: шапшаңдыққа баулу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Сурет бойынша әңгіме жүргізу. Көліктердің атауын сұрау. Мақсаты: баланы тапқырлыққа баулу.	Үйдегі көліктері туралы әңгімелеу. Мақсаты:Баланың тілін дамыту.	«Біз немен жүреміз?» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: сөздік қорын молайту.	Бағдаршам көздерін сұрау. Мақсаты: тапқырлыққа баулу.	Ұшақ туралы әңгімелесу. Мақсаты:Баланың сөйлеу қабілеттерін дамыту.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуді қадағалау				
Серуен	Қойын: ««Маған қарай жүгіріндер» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға баулу				
Балалардың үйге қайтуы	«Денсаулық» Балалардың тазалығы басты назарда ата-аналарымен сұхбаттасу	«Әңгімелесу» Балаңызбен бірге ертегілер,әңгімелер құрастырып,шығармашылық қабілетін дамуына жағдай жасайсыз ба?	Кеңес беру Ата-аналармен күнделікті бақшадағы тәртібі жөнінде әңгімелесу,кеңестер беру.	«Әңгімелесу» «Үйде ертегі оқығандарын қадағалау» Ата-аналарға үйде балаға ертегілер оқып берулерін айту.	«Ойындар» «Асық ойыны» Асық ойынының маңыздылығы.

Тексеру күні: ____ 2021 ж

Бекітемін: Уразалина.С.Б

Ақпан айының IV аптасы 22– 26 аралығындағы №3 кіші «Бәйтерек» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: **«Бізді қоршаған әлем»**

Тәрбиеші: Серікжанова Нұрай

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.02.21ж	Сейсенбі 23.02.21ж	Сәрсенбі 24.02.21ж.	Бейсенбі 25.02.21ж.	Жұма 26.02.21ж.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелеу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б.)	Сергіту сәті Ұшқыш болып ұшайық Тігіншіге ұқсайық Дөңгелене би билеп, Бишіге біз ұқсайық	Сергіту сәті Кәне, канат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып,ұшып алайық, Орнымызға қонайық.	Саусақ атауларын айтқызу: 1Басбармақ 2Балан үйрек 3Ортан терек 4Шылдыр шөмек 5Кішкене бөбек	«Менің мамам дәрігер» өлеңін жаттау. Тіс ауырса,іш ауырса Мамам дәрі береді Барлық ана барлық бала Оны жақсы көреді	Шаттық шеңбер Біздер тату баламыз Өсіп алға барамыз Айналамен танысып Біз білімді боламыз!
Таңертенгілік гимнастика	Таңғы жаттығулар №12				
Таңғы ас	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу				
Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	1 Дидактикалық ойын «Кім,не біледі?» Мақсаты:балаларға қыс туралы қойған сұрағына жауап беріп,кім тез жауап берсе сол бала жеңімпаз болады.	Қимылды ойын: «Достық көпір» Мақсаты: Балалар достықтың,ауызбірліктің не екенін түсіндіру.	Қимылды ойын: «Өз түсінді тап» Мақсаты: Балаларды достық түстерді ажырата білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қай мезгіл жоқ» Мақсаты: Жай мезгілдері жайлы білімін бекіту.	Қимылды ойын: «Күн мен Жаңбыр» Мақсаты: Балаларды татулыққа ,шапшаңдыққа ажырата білуге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері.	1.Сурет салу Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. фломастермен, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету, ойын тәсілдері арқылы ой-қиялдарын дамыту, құстарға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу 2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде»	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырамыз, ұйықтатамыз» Мақсаты: Балалармен киіну ережесі мен тазалық сақтау жайында әңгімелесу арқылы, балалардың белсенді сөздік қорын толықтыру. Балалардың ауызша сөйлеулерін дамыту. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу. 2. Дене шынықтыру Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Допты домалат»	1.Құрастыру Тақырыбы: «Трамвай» Мақсаты: үлкендердің көмегімен құрылыс материалдарынан трамвай құрастыруға үйрету, көлемі мен пішініне сәйкес ажырата алу қабілеттерін дамыту; жасаған құрылыстарымен ойнау және педагогтің сұрақтарына жауап беру, оны тыңдай білу арқылы сөйлеу тілін дамыту. -құрылыс материалдарын жинастыру арқылы ұқыптылыққа тәрбиелеу. 2.Музыка Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Мамандық түрлері, қажеттілігі туралы әңгімелеу. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасау.	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Пияз» Мақсаты: Пияз туралы және оның өсіп-жетілуіне қандай қажетті жағдайлар қажет екенін түсіндіру. Қарапайым жұмыстар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын ояту. 2.Жапсыру Тақырыбы: «Жеңіл машина» Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру, дайын пішіндерден жеңіл машина құрастыруды үйрету. Ойын жаттығу: «Машинаның дөңгелегін тап»	1.Дене шынықтыру Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсіру. Скаймен музыкалық жаттығулар орындау

Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, сырмаларын, түймелерін қадау, бауларын салып қадағалау				
Серуен	1.Бақылау.Қарды бақылау Мақсаты: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру 2. Еңбек әрекеті:Сырғанаққа су себу Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету. 3.Қимылды ойын «Екі аяз». Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру 4.Жеке жұмыс Балабақша ауласындағы ашық аландағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? 5.Ойындар: «Кім алысқа секіреді?». Мақсаты: белгіленген жерге дейін екі аяқпен секіру. 6.Еркін ойындар				
Серуеннен оралу.	Өз бетімен шешіну, киімдерін реттеп жинау, беті-қолдарын сабындап жуу				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты ұқыпты ішу, майлықты дұрыс қолдану, алғыс айту				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	Жай әуенмен ұйқтату.	«Бесік жыры» әуенімен ұйқтату.	Релаксация әуенімен ұйқтату.	«Балапаным» әуенімен ұйқтату.
Біртіндеп тұру, ауа,су ем-шаралары,	Ұйқыдан ояту Төсектерінде жатып аяқтарын көтеріп, қолдарын созып, керілу арқылы сергектендіру. Киімі мен аяқ киімдерін киюді, тәрбиешінің көмегімен өзін тәртіпке келтіре білуге үйрету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу				
Ойындар дербес әрекет.	1Қ/ойын «Салат» Мақсаты:Көкөністер бейнеленген суреттерді балаларға үлестіріп береді.Әуен ырғағымен балалар билейді.Әуен тоқтағанда көкөністер бірігіп салат болады.балаларды топтық ойынға тәрбиелеу.	«Ертегілер әлемінде» Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналау Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау.Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіру.	Өңгімелесу. «Мамандықты ата» Мақсаты:есте сақтау қабілеттерін дамыту. 2Ойын жаттығуы: Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып Біз дем алып қалайық.	Сюжеттік- рөлдік ойыны. «Қонақ күту» Мақсаты:Балалардың қызығушылықтарын арттыру,тілдерін дамыту,сөздік қорларын молайту,мәдениеттілікке баулу 2Дидактикалық ойын: «Не жоғалды?» Әр түрлі берілген сурет терден ненің артық екенін табады	«Қыс» Әнін айтқызу: Мақсаты.Балаларға қыс әнін тусіндіріп.ырғақ қимылдарын жетілдіру. «Құрылысшы» желілі рөлді ойыны.Мақсаты:балалар әр түрлі геометриялық пішіндерден ғимараттар құрастырады.
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Саидамен қимылды ойын: «Аю мен кірпі» Мақсаты: ептілікке, шапшаңдылыққа баулу.	Аяулымнан анасы мен әкесінің жұмыс орындарын сұрау. Мақсаты: тілін дамыту сөздік дұрыс айтуға тәрбиелеу.	Мағжаннан аспазшы маманы қандай қызмет ететінін сұрау. Мақсаты:есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Айсезімге «Қыс»туралы тақпақтарын қайталату. Мақсаты:тілін дамыту,сөзді айта білу қабілетін дамыту.	Дарияға әрбиеші мамандығы бойынша өңгімелету. Мақсаты:мамандықтарды ажырата білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін қадағалау				
Серуен	Қойын: «Мені қуып жет» Мақсаты:Денені шынықтыру,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.				
Балалардың үйге қайтуы	Кеңес Дәрумендер пайдасы мейірбике кеңесі.	«Құттықтау» «Туған күніңмен,балақай» Ақпан айында дүниеге келген балаларды құттықтау.	Табиғат «Қош бол қыс мезгілі!» Балаларға қыс мезгілінің аяқталғанын әңгімелеп беру	«Сурет салу» «Бала жұмысынан көрме» Сурет салу ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бойынша	Балабақша «Көктем келді!» Өңгімелеу

Тексеру күні: ____ 2021 ж

Бекітемін: Уразалина.С.Б

Наурыз айының I- аптасы 01– 05 аралығындағы №3 кіші «Бәйтерек» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Салттар мен фольклор»

Тәрбиеші: Серікжанова Нұрай

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.03.2021ж	Сейсенбі 02.03.2021ж	Сәрсенбі 03.03.2021ж	Бейсенбі 04.03.2021ж	Жұма 05.03.2021ж
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)	«Менің анам» өлеңі Мені жақсы көреді Күндей күліп жүреді Көп ертегі біледі Маған айтып береді Мақсаты:аналарға деген құрмет сезімдерін ояту.	«Еркелету» ойыны Аналарының еркелететін сөздерімен бір-бірін еркелетеді. Мақсаты: балаларды мейірімділікке тәрбиелеу.	«Салыстыр және ата» ойыны Әр түсті гүлдерді ортаға қойып, түсін пішінін салыстырады. Мақсаты: гүлдерге қамқор болуға үйрету.	«Менің анам» ойыны. Аналарының фотосуреттеріне қарап тану.	Дидактикалық ойын: «Төрт түлік малды ата» Мақсаты: Үй жануарларын айыра білуге үйрету.
Таңертенгілік гимнастика	Таңғы жаттығулар№13				
Таңғы ас	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу				
Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	1 «Кім,не біледі?»Дидактикалық ойын Мақсаты:балаларға қыс туралы қойған сұрағына жауап беріп,кім тез жауап берсе сол бала жеңімпаз болады.	.Қимылды ойын: «Ұшак» Мақсаты: Қимыл қозғалыстың үйлесімділігін,тепе-теңдігін дамыту.	Қимылды ойын: «Күн мен Жаңбыр» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа,татулыққа үйртеу	Қимылды ойын: «Тауық пен балапандар» Мақсаты: Балаларды шеңбер бойымен жүруді,табиғатты қорғауға баулиды.	Дидактикалық ойын: «Төрт түлік малды ата» Мақсаты: Балалар үй жануарлары мен төлдерді ажырата білуге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері.	1.Сурет салу Тақырыбы: «Орамалды безендіреміз» Мақсаты:баяумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету, саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту, балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. 2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Арқан тарту»	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау) Мақсаты: Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата» 2. Дене шынықтыру Орнынан ұзындыққа секіру (30-35см). Текшелерге шығу, қолын жоғары көтеру және түсу. Музыкалық жаттығу «Қошақанмен биле»	1.Сенсорика Тақырыбы: «Шыршалар мен саңырауқұлақтар» Мақсаты:заттарды түсі бойынша таңдай алуға үйрету. балалар назарын түстің әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару; түстері бойынша нысандарды алмастыруды үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. 2.Музыка Тақырыбы: «Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері» Мақсаты: Әндегі қайталанатын тіркестерді, ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Тұсау кесу» Халық әні	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Айналамыздағы заттар» Мақсаты: Балалардың төңірегімізді қоршап тұрған заттар әлемі туралы түсінігін арттырып, білімін нығайту. Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. Қоршаған ортаны аялай білуге үйрету. 2.Музыка Тақырыбы: «Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері» Мақсаты: Әндегі қайталанатын тіркестерді, ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Биге икеңділіктерін жетілдіру.	1.Дене шынықтыру Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату. Қимылды ойын: «Асықты жина

Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, сырмаларын, түймелерін қадау, бауларын салып қадағалау				
